

«Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы» КММ  
«Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ  
«Кеңес орта мектебі» КММ

**Педагог-психолог жұмысының аналитикалық есебі**  
**2024-2025 оқу жылы**  
(Қыркүйек)

**Мақсаты:** білім алушылардың психологиялық денсалығын сақтау, орта білім ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процессіне қатысшыларға психологиялық қолдау көрсету.

2024-2025 оқу жылында жылдық жоспар жұмысы құрылды. Жоспар бойынша қыркүйек айының бірінші жұмасында оқушылар туралы мәлімет жинақталып, әлеуметтік педагогпен сыныптың әлеуметтік картасы жасалды. Оқушыларға психологиялық карта жасалды. Бірінші сынып оқушыларының тізімдері жинақталып, балаларымен танысып, мектеп ережесіне қалыптасуын және ортамен қарым-қатынасы келген оқушыларға психологиялық карта жасалды. Сыныптың әлеуметтік құрылымын анықтау барысында (социометрия әдістемесі) ұсынылды. Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған 1-сынып оқушыларына қызықты сұрақтар қою арқылы таным процестері зерттелді.

1-сынып оқушыларының мектепке даярлығын тексеру мақсатында тест жұмыстарын алып, мектепке балаларды қабылдауға қатыстық.

1-сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау үшін Йерасек-Керн тесті пайдаланды. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық қасиеттерінің қалыпты дамығандығы анықталды.

Сонымен қатар 1, 5-сынып оқушыларының жоғары буынға ауысуы кезіндегі бейімделуін анықтау мақсатында арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ 2-11 сынып арасында «Өзін-өзі бағалау», «Социометрия» тесттері алынды. Нәтижесі сынып жетекшілерге хабарланды.

1-11 сыныптың оқушыларының көңіл – күйлері таңертеңгілік уақытта дәлізде бақыланады, эмоциялық жағдайлары анықталады. Сынып жетекшілерімен байланыс орнатылып, әр баланың жағдайы сұралды.

Балалардың көңіл-күйі, сабаққа деген ынтасы, мұғалімдермен қарым-қатынасы бақыланып отырылды. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында психологиялық қиындықтардың болмауы мен алдын алуға байланысты іс-шаралар атқарылып отырылды.

Зорлық-зомбылықтың, буллингтің алдын алу мақсатында балаларға дәліздерде, дәретханаларда ілініп тұрған QR-код мақсаты түсіндіріліп, қиын сәтте хат жазуға болатынын, оларға көмек көрсетілетіні жайлы хабарланды.